

iPEGA PG-9157

СЫМСЫЗ ГЕЙМПАДЫ

Құрметті сатып алушы!

"IPEGA" сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін Сізге алғысымызды білдіреміз. Біз Сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Геймпад – бұл бейне ойындардағы кейіпкерді немесе ойын барысын басқаруға арналған кіріс құрылғысы.


Сақтық шаралары

- Құрылғыны бөлшектемеңіз.
- Кәбілді қысудан және басқа физикалық әсерлерден қорғаңыз.
- Құрылғыны құлаудан қорғаңыз.
- Құрылғыны ылғалдылығы жоғары жерлерде сақтамаңыз.
- Құрылғыны өз бетінше жөндемеңіз. Ақаулар анықталған жағдайда уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Сұйықтықтың құрылғы корпусына енуіне жол бермеңіз.
- Құрылғыны жоғары температура мен ыстық заттар әсеріне ұшыратпаңыз.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: PG-9157.
- Кіріс кернеуі: DC 5 В / 500 мА.
- Жұмыс кернеуі: DC 3,7 В.
- Жұмыс тоғы: < 15 мА.
- Жұмыс уақыты: > 15 сағ.
- Ұйқы режиміндегі ток: < 15 мкА.
- Bluetooth 5.0, жұмыс ауқымы: ≤ 8 м.
- Батарея: 380 мАс.
- Сымсыз байланыс стандарты: Bluetooth 3.0, IEEE 802.15.1.
- Таратқыштың қуаты: 1.6 мВт.
- Батарея толық зарядталған кезде күту режимі: 30 күн.
- Өлшемдері: 160 x 113 x 60 мм, 152 ± 5 г.
- Мына базадағы құрылғылармен үйлесімділік: Android, iOS, Windows, PS3, Nintendo Switch.
- Жинақтама: құрылғы, USB кәбілі, телефон ұстағыш, пайдаланушы нұсқаулығы.

Құрылғы сызбасы



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Android платформасындағы құрылғыға қосылу

Direct Play режимі

1. Бірінші қосылымда "A" және "HOME" батырмаларын 2 секунд басып тұрыңыз, қосылым индикаторы тез жыпылықтайды.
2. Телефонда/планшетте Bluetooth қосыңыз және "PG-9157" құрылғысына қосылыңыз.
3. Егер қосылым сәтті болса, онда индикатор жыпылықтайды және үздіксіз жануды бастайды.

Егер құрылғы бұрын қосылған болса, "HOME" батырмасын басып тұрыңыз, қосылым индикаторы баяу жыпылықтай бастайды және құрылғылар автоматты түрде жұптасады.

NID (Human Interface Device) режимі

1. Бірінші қосылымда "X" және "HOME" батырмаларын 2 секунд басып тұрыңыз, қосылым индикаторы тез жыпылықтайды.
2. Телефонда/планшетте/Smart TV-де Bluetooth қосыңыз және "PG-9157" құрылғысына қосылыңыз.
3. Егер қосылым сәтті болса, онда индикатор жыпылықтайды және үздіксіз жануды бастайды.

Егер құрылғы бұрын қосылған болса, "HOME" батырмасын басып тұрыңыз, қосылым индикаторы баяу жыпылықтай бастайды және құрылғылар автоматты түрде жұптасады.

IOS платформасындағы құрылғыға қосылу

1. Бірінші қосылымда "Y" және "HOME" батырмаларын 2 секунд басып тұрыңыз, қосылым шамы тез жыпылықтайды.
2. Телефонда/планшетте Bluetooth қосыңыз және "PG-9157" құрылғысына қосылыңыз.
3. Егер қосылым сәтті болса, онда индикатор жыпылықтайды және үздіксіз жануды бастайды.

Егер құрылғы бұрын қосылған болса, "HOME" батырмасын басып тұрыңыз, қосылым индикаторы баяу жыпылықтай бастайды және құрылғылар автоматты түрде жұптасады.

Direct Play режимі үшін батырмалардың функцияларын қайта тағайындау

Батырмалардың зауыттық функцияларын www.ipega.hk сайттан табуға болады, алайда, егер сіз алдын-ала орнатылған баптауларды қалпына келтіріп, құрылғыны өзіңізге бейімдеуіңіз керек болса, App Store және Google Play-де қол жетімді "Shooting Plus V3" қосымшасын жүктеп алуыңыз керек. Осы қосымшаның көмегімен сіз ұялы телефоннан немесе планшеттен ыңғайлы ойын үшін геймпадыңыздың батырмаларының функцияларын қайта жүктей аласыз.

Сымды режим

ДК қосылу: "RB" батырмасын басып, кәбілдіді геймпадқа қосыңыз, ол сымды жұмыс режимін автоматты түрде таниды (X-input 360), қосылым индикаторы тез жыпылықтай бастайды. D-input ауысу үшін SELECT + START батырмаларын 3 секунд басып тұрыңыз.

PS3/N.S./Android қосылу: "RB" батырмасын басып, кәбілді геймпадқа қосыңыз, құрылғы автоматты түрде жұмыс істеуге дайын.

Сымсыз байланыс			
-	Android - Bluetooth		iOS - Bluetooth
Режим	Direct Play режимі	HID режимі	Direct Play режимі
Батырмалар тіркесімі	A + HOME	X + HOME	Y + HOME
Сымды байланыс			
Қосылатын құрылғы	PS3, Nintendo Switch, Android		ДК
Қосылу жөніндегі нұсқаулық	RB батырмасын басып, геймпадты кәбіл арқылы құрылғыға қосыңыз		
	Құрылғы автоматты түрде пайдалануға дайын		"START" және "SELECT" батырмаларын 3 секунд басып тұрыңыз

Ұйқы режимі/өшіру/геймпадты зарядтау

- Геймпад, егер ол 5 минут ішінде қолданылмаса, автоматты түрде ұйқы режиміне түседі.
- Құрылғыны ұйқы режимінен шығару үшін "HOME" батырмасын басыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін "HOME" батырмасын 3 секунд басып тұрыңыз (барлық шамдар сөнуі керек).
- Құрылғының заряды таусылған кезде заряд индикаторы тез жыпылықтай бастайды. Геймпадты зарядтауға орнатыңыз, зарядтау индикаторы баяу жыпылықтай бастайды. Аккумулятор толық зарядталған кезде индикатор үздіксіз жанады.

Кепілдік міндеттемелер

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжай бойынша:
<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь АйПиЭм Байотэкнолоджи Ко., Лтд.

Каб. 201 (В аймағының А 2/Ғ блогы және 1-2/Ғ блогы), 3 ғим., 88 блок, Лун Ван Мяо өнеркәсіптік аймақ, Бай Ши Ся, Фуюн, Баоань ауд., Шэньчжэнь қ., Қытай. Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға: «ДНС QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының КО ТР 020/2011 "Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР "Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат, оның сыртқы түрі, жинақтамасы және функционалдығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexpro.club



Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.